

человека увлечения должны занимать определенное место и свое свободное время необходимо посвящать своим любимым занятиям. Педагоги данной группы уделяют необходимое внимание своей семье, находят время и прилагают силы для решения, возникающих проблем, но вместе с этим, не считают, что главное, что может быть в жизни – это семейное благополучие. Таким образом, педагоги, ориентированные на наличие целей в жизни и способные контролировать процесс жизни собственными силами, а также на сферу обучения и образования, собственный престиж, семейную жизнь и увлечения, воспринимают социально – психологический климат своего коллектива, как нейтральный или неопределенный.

Таким образом, мы выявили, что педагоги, оценивающие социально-психологический климат положительно, ориентированы на сферу обучения и образования, имеют цели в жизни, способные контролировать процесс жизни собственными силами и стремящиеся к активным социальным контактам.

Педагоги, дающие отрицательную оценку собственному социально-психологическому климату, ориентированы на собственный престиж, семейную жизнь и увлечения.

#### Литература:

1. Федосова И.В. Проблема ценностных ориентаций в научной литературе // Ценности и смыслы. – 2009. – №2. – С. 75 – 92.
2. Сурина И.А. Ценности. Ценностные ориентации. Ценностное пространство. – Москва. – 2009. – 183 с.
3. Краснорядцева О.М. Ценностная детерминация профессионального поведения педагогов//Сибирский психол. журн. – Томск. – 1998. – № 7.–С.25– 29.
4. Будинайте Г.П., Корнилова Т.В. Личностные ценности и личностные предпочтения субъекта // Вопросы психологии. – 1993. – №5. – С. 99
5. Ермоленко Л.В. Социально-психологический климат в коллективе и его значение для общения // Теория и технологии общего и профессионального образования: сб. науч. тр. – Москва: МГОУ,2011.–С. 19–23.

## ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАРДА ІШКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МӘНІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Садуакасова М.Б., э.ғ.м., аға оқытушы; Бердиходжаева М.С., э.ғ.м., аға оқытушы  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада өндірістік кәсіпорындарда ішкі аудитті ұйымдастырудың ерекшеліктері, оның мәні және жіктелуі, ішкі аудит пен сыртқы аудиттің айырмашылықтары, ішкі аудиттің тиімділігі қарастырылған.

*Негізгі сөздер:* аудит, ішкі аудит, сыртқы аудит, пәндік-технологиялық аудит, ұйымдастыру-басқарушылық аудит, ақпараттық аудит.

Аудиторлық қызмет тәуелсіз аудиторлар немесе аудиторлық ұйымдар жүргізетін сыртқы аудит түрінде, сонымен қатар қызметті аудиторлық бақылауға алынатын ұйымның мамндандырылған бөлімшесі жүргізетін ішкі аудит түрінде жүзеге асырылады. Аудиттің екі түрінің де жалпы түпкі мақсаттары көбінесе сәйкес келеді, ол – бақылау.

Ішкі аудитті сыртқы аудитпен салыстырғанда табиғаты, мән-мағынасы, тағайындалуы мен ұйымдасырылуы өзгеше болып келеді. Ең алдымен ескерілетіні, ішкі аудит қызметі (немесе, оны кейде ішкі ревизия қызметі, ішкі бақылау қызметі деп те атайды) ұйым ішінде құрылған бөлімше бола отырып, оның қызметін бағалау және тексеру бойынша жүйелі әрі күнделікті жұмысты атқарады. Ішкі аудиттің тиімділігі сыртқы аудитпен салыстырғанда шығындарының төменділігінде (ішкі аудиторлық қызметінің құны 35-50 пайызға арзан); ішкі аудиторлардың кәсіпорын жағдайын, жұмыс ырғағын және басқару жүйесін терең білуінде; аудиторлардың тексеруге құрылымдық бөлімдердің жоғары білікті мамандарын тарту мүмкіндігінде; заң талаптарын сақтау кепілдігінде болып отыр.

Ішкі аудиттің басты міндеті – басқару мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету. Бұл үшін ішкі аудит кәсіпорын басшылығын дұрыс басқару шешімдерін қабылдау үшін жасалған талдаудың нәтижелерімен, белгілі бір бөлімшенің қызметіне баға берумен, ұсыныстармен және уақытылы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит – кәсіпорынға қызмет көрсету аясында жүргізілетін ішкі бақылау жүйесін талдау үшін менеджмент арқылы анықталатын қызмет. Ішкі аудиттің көмегімен бақылау және талдау іске асырылады, сонымен қатар жүйелерді жақсартуға, жетілдіруге ұсыныстар беріледі.

Оларға қызметтердің мынадай түрлері тән:

1) қаржылық және операциялық ақпараттарды тексеру. Бұл сыртқы аудитордың жұмысымен сәйкес келетін үнемі жалғасатын үдеріс;

2) операциялардың үнемділігін, тиімділігін талдау, оның ішінде қаржылық емес бақылау да бар. Кейде оны «Ақша құнының» аудиті деп те атайды;

3) заңдар мен ережелерге, менеджменттің әртүрлі сыртқы талаптары мен саясатына және басқа да ішкі талаптарға сәйкестікті талдау:

а) активтердің қабылдануы мен есептен шығарылуының заңды болғанына және осы активтердің тиімді түрде пайдалануы мен сақталуы қамтамасыз етілгеніне көз жеткізу керек. Ішкі аудитор активтердің менеджменттің рұқсатына сәйкес алынуы мен сатып өткізілуіне ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынға тиесілі активтердің сақталуы қамтамасыз етіліп жатқанына сенімді болуы керек;

ә) міндеттемелердің ұйымның тек құқықтық операцияларына ғана қатысты бар екендігін растау. Ішкі аудитор ұйымның жүзеге асырып жатқан операцияларының барлық типтері жайлы мәліметті білуі қажет. Бұл оның жүзеге асырылған операциялардың бірде-біреуіне сәйкес келмейтін міндеттемені тез танып білуіне мүмкіндік береді. Ол ақпараттың барлық түріне қол жеткізе алуы керек, бұған өзгеше келісім-шарттарды растап алатын хаттамалар да кіреді;

4) ішкі аудит қызметі орташа және ірі кәсіпорындарда құрылады. Кейбір жағдайларда қызметтің осындай түрін құру заңмен қарастырылады. Яғни, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 5-тармағының 33-бабында ұлттық акционерлік қоғамдарда ішкі аудит қызметінің міндетті түрде болуы қарастырылған.

610 “Ішкі аудит қызметінің жұмысын қарастыру” деп аталатын ХАС-та былай делінген: Ішкі аудит оның қызметтерінің бірі ретінде субъект ішінде жұмысты бағалау бойынша құрылған қызмет болып танылады. Басқа да мәселелермен қоса оның атқаратын қызметтерінің құрамына ішкі бақылау мен бухгалтерлік есеп жүйесінің бірдейлігіне, тиімділігіне және дұрыстығына мониторинг, тексеру жүргізу, баға беру кіреді.

Ішкі аудиттің мәнін түсіну үшін оның объектілерін анықтау қажет. Олардың ішіндегі маңыздыларының бірі есептік, жоспарлық және нормативтік-анықтамалық мәліметтерден тұратын ақпараттық объект болуы тиіс. Келесі – қабылданған басқарушылық шешімдердің деңгейін бағалау, сонымен қатар ең соңғысы технологиялық объект болуы тиіс, себебі жоғарыда аталған объектілер есеп жүргізу қажеттілігінен туындайды [1, 26 б.].

Осылайша, ішкі аудит дегеніміз – кеңес беру, аудит көрсеткіштерін талдау жолымен оның белгіленген параметрлерге сәйкестігін сандық-сапалық бағалау үдерісі.

Мүдделердің ортақ екендігіне қарастанан, бұл салада түбегейлі айырмашылықтар бар (1-кесте).

Ішкі және сыртқы аудиттің айырмашылығы, ең алдымен, оларды жүзеге асырудың құқықтық, ұйыдастырушылық және әдістемелік үлгісінде. Ішкі аудит ауқымында активтердің сақталуын қатаң бақылау, меншік иесінің мүлкіктік мүддесін қорғау ғана емес, менеджмент сапасы мен саясатын бақылау да жүзеге асырылады. Қаржылық-шаруашылық қызметті жетілдіру қажеттілігі ішкі аудиттің көптеген бағыттарын анықтайды, бұл оның бірнеше түрлерге жіктелуіне әсер етеді.

Ішкі және сыртқы аудитті салыстыра отырып, көптеген авторлар олардың арасындағы айырмашылықтарды табуға тырысады. Мысалы, Ю.М.Иткин келесідей айырмашылықтарды анықтайды: объектілігі, біліктілігі, жүргізу шеңбері, әдісі, мақсаты мен есеп беру үлгісі [2, 192 б.].

**Кесте 1 - Ішкі және сыртқы аудиттің айырмашылықтары**

Айырмашылық белгілері	Ішкі аудит	Сыртқы аудит
Масштабы	Менеджмент анықтайды	Заңдар анықтайды
Жолдары	Бухгалтерлік жүйенің тиімділігіне және менеджментті нақты ақпараттармен қамтамасыз ететіндігіне кепілдеме береді	Акционерлерге ұсынатын қаржылық қорытынды есеп әділетті әрі дұрыс көзқарасты білдіретіндігіне сенімді қамтамасыз етеді
Жауапкершілігі	Менеджменттің алдында	Тапсырыс берушілердің алдында
Аудит	Растаушы аудитқа, бастапқы	Ішкі аудит нәтижелеріне,

түрлері	құжаттар мен есеп регистрлерін толық немесе ішінара тексеруге, бухгалтерлік есеп жүйесін жалпы мәліметтен жекеге қарай зерттеуге негізделеді	шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметтерін жүйелі бағытталған тұрғыдан тексеруге немесе тәуекелге жүктеледі
Есеп беру	Тексеру актісі және бұйрық жобасы (қаулы) қорытындылары және міндетті нұсқауларымен бірге тексеруді тағайындаған органға ұсынылады	Аудиторлық есеп тапсырыс беруші, ал қорытынды барлық қызығушылық танытушы тұлғаларға ұсынылады

Ал, К.Ш.Дүйсенбаев объектілігін, мақсатын, міндетін, біліктілігін, өзара қарым-қатынастар түрін, әдісін, есеп беру үлгісін, төлемақысын, жауапкершілігін бөліп көрсетеді [3, 293 б.].

В.В.Бурцев та жоғарыдағы авторлар сияқты сол ерекше белгілерді айтады, бірақ оған тәуелсіздік қағидасын, тәртібін және өкілеттілік мерзімін толықтырады [4, 48 б.].

И.П. Ульянов объектілігін, міндетін, біліктілігін, мақсатын, тәуелсіздік қағидасын, өкілеттілік мерзімін және нәтижелердің пайдалануын атап отыр [5, 224 б.].

Ішкі аудит экономикалық субъектіде меншік иелерінің мүддесін қорғау мақсатында бухгалтерлік есеп жүргізудің белгіленген тәртібін сақтау, меншікті қорғау, ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін арттыру бойынша ішкі құжаттармен бекітіліп, ұйымдастырылған сыртқы аудиттің құрамдас бөлігі.

Ішкі аудит институттарына экономикалық субъектінің меншік иелерімен тағайындалған ревизорлар, ревизиялық комиссиялар, ішкі аудиторлар жатады. Ішкі аудит кәсіпорын басшылығына тікелей бағынатын арнайы қызмет мамандарымен жүзеге асырылады. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ішкі аудит кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен материалды-жауапты тұлғалардың өз міндеттерін жауапты атқаруына ықпал етеді. Сонымен қатар ішкі аудит заң талаптарына сәйкес міндетті түрде жүзеге асырылатын сыртқы аудиттің ақпараттық базасы болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің тиімділігі ол ұйым нысандары, қызметтің жүзеге асуын қамтамасыз ету және факторларды дұрыс таңдай білуіне байланысты.

Басқару қызметінде шешім қабылдаудың үстемдігіне көп көңіл бөлінеді, әсіресе, ұйымдастырушылық және бастапқы деңгейіне. Бұның тиімділігі жоғары, өйткені қабылданған шешімдер мен ұйым үшін жауапкершілік бір мақсатқа бағытталады, қызметтер мен әртүрлі бөлімдердің қызметтері нақты бір координацияға сәйкестендіріледі, сонымен қатар басқарудың төменгі құрылымдарына қателіктің болуына мүмкіндік бермейді.

Ұйымдастырушылық және бастапқы кезендерінде әртүрлі көзқарастар пайда болады, әртүрлі жағдайды қамтитын мәселелердің, яғни ұйым нұсқаулығы, құрылымдардың бір жағдайға сәйкес келуі. Сондықтан бастапқы кезеңде басқару жүйесінде, сонымен қатар ішкі аудитте де қайтарымдарды алу көптеген уақытты керек етеді. Қайта салулар мен техника, технологиялық, құқықтық, ұйымдастырушылықпен байланысты барлық қайта құрулар мен ұйымдастырулар сияқты тәжірибелер барлық басқару құрылымын қайта құру барысында өте тиімді болмақ. Орталықтандырылған шешім қабылдау сұрағы тұрғанда, мұндай жағдайлар орталықтандырылған басқару күші көптеген тиімді әсерлерді беруі мүмкін, бірақ басқару қызметі механизмі кері тиімділіктерді де беруі мүмкін. Шешімдердің тездігін талап ететін әрбір жеке мәселелердің перспективасы мен олардың жағдайлары, кемшіліктері мен қателіктерін білу, техника, технологиялық перспективалары, ақпарат тағы осындай мәселелер мен жағдайларға көп уақыт керек екендігі мәлім. Мұндай жағдайларда пайда болған ауытқуларды өз орнында шешу үшін басқару жүйесіндегі орталықтандырылмаған шешімдерді қабылдау үшін толық еркіндік беру керек.

Орталықтандырылмаған шешімдердің жағымсыз жағдайларының болмауы үшін әрбір «ауытқуларды» өз орындарында қарау керек. Орталықтандырылған, орталықтандырылмаған «ауытқу» мәселесін шешуде және орталықтандыру нысанынан орталықтандырылмағанға үстемдікті беру жазбаша түрде рәсімделеді. Себебі, әрбір болған ауытқуларды «орындаушы» өзі өзіне қарасты қызметкерлермен ауытқуларды болған жерінде шешім қабылдайды, шешімдерді немесе басқа мәселелерді жоғары тұрған қызметкерлермен міндетті түрде келіседі, болмаса жоғары тұрған ұйымға беру керек.

Орталықтандырылмаған шешімдерді қабылдау кезінде орындаушылық қабілеті мол және басқа да факторларды есепке ала отырып, қызметкерлерді басшының өзі жеке реттік деңгейде шешеді. Мұндайда мынадай сапалылыққа көңіл аудару керек, компоненттік, өз ісінің маманы деңгейлігіне, іс-тәжірибесіне, объективтілігіне, шешім қабылдауда жауапкершілікті өз мойнына алатын және де басқа да сұрақтарға жауап беретін қызметкерді қабылдайды. Сондықтан бір уақытта кәсіпорынның әртүрлі бөлімшелерінде орталықтандырылған және орталықтандырылмаған шешімдерді қолданатындар да

жеке қабілеттілік, іс-тәжірибелі, қойылған міндеттерді өзі алып кете алатын, орындаушылық және де басқа сапалылықтарды меңгере алатын көрсеткіштеріне байланысты. Басқарма мен ұйымның аралысымды нысаны, оның ішінде ішкі аудитін бақылау оптимальді және де өз уақытының ең қажетті нұсқасы.


Объектімен танысуды алға қойылған мақсатқа байланысты барлау, рейдтер ұйымдастыру жолымен және инспекциялық тексеру арқылы жүзеге асырады. Тексеру аудиторлық қызметтің бір бөлігі болып табылады және пәндік немесе құжаттық болуы мүмкін. Пәндік тексеру кезінде кәсіпорынның бүкіл активтері, олардың физикалық жағдайы, сақталуы қарастырылса, құжаттық тексеру кезінде құжаттар активтер негізінде анықталады, қайта бағалануы, амортизациясы, капитал жағдайы және т.б. қарастырылады, басқаша айтқанда, құжаттардағы ауытқулар мен заң талаптарының бұзылуы анықталады.

Пәндік және құжаттық тексеру нәтижелерін анықтауда ішкі аудиттің салыстыру, ұқсату сияқты нысандары қолданылады. Құжаттық және пәндік тексеру, сондай-ақ ішкі аудит объектісінің ерекшеліктеріне байланысты зерттелетін объектінің нақты жағдайын анықтау үшін лабораториялық талдау, сараптама қолданылады. Тексерудің арнайы кәсіби білімі мен тәжірибені талап ететін нысандарына есептік тексеру, баланстық тексеру, қайта бағалау нәтижелерін тексеруді жатқызуға болады.

Осылайша, танысу мен тексеру бастапқы ішкі аудит болып табылады, олардың зерттеу пәні – объектімен танысу, заң талаптарын бұзу мен ауытқуларды анықтау және оларды арнайы журналдарда тіркеу.

Келесі кезеңде ішкі аудит жүзеге асырылады, мұнда анықталған ауытқулар бойынша жұмыс жалғастырылады. Оның нәтижесінде жіберілген қателіктердің себептері, кінәлілер, келтірілген зиян мөлшері және т.б. анықталады. Сондай-ақ басқарушы жүйе үшін іс-шаралар, ұсыныстар мен нұсқаулар өңделеді.

Ішкі аудиттің жоғарыда қарастырылған нысандары зерттеу тереңдігіне байланысты бастапқы және кезекті деп екі түрге бөлінеді. Аудиттің жоғарыда аталған нысандарын жүзеге асыруда арнайы әдістер – түгендеу, бағалау, баланстық байланыстар және т.б. қолданылады. Ішкі аудиттің нысандары, жүзеге асыру тәсілдері, зерттеу тереңдігі бойынша жіктелуі көрсетілген. Мұнда ішкі аудит түрлері мен оларды жүзеге асыру нысандарын өзара байланыстыруға әрекет жасалған (1-сурет) [6, 320 б., 7, 264 б.].



Сурет 1. Кәсіпорында ішкі аудитті ұйымдастыру нысандары  
Ескерту: сурет [7] әдебиет көзінен алынған

Атап өткеніміздей, жүзеге асыру нысанына байланысты ішкі аудит ағымдық және кезекті деп бөлінеді. Бұл нысандар нарықтық экономика жағдайында ішкі аудиттің негізгі мақсатын көрсете алмайды. Осыған байланысты ішкі аудитті жүзеге асырудың келесі түрлерін ұсынамыз:

- 1) жұмыс құжаттарында «ауытқуларды» анықтап көрсету;
- 2) анықталған «ауытқулар» бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Яғни, ішкі аудитті зерттеу тереңдігіне байланысты бастапқы және кезекті, - деп жіктеу ұсынылады (2-кесте).

2-кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, көптеген авторлар аудит түрлеріне бақылау түрлерін сипаттайтын аспектілерді де жатқызады.

Аудит саласындағы белгілі мамандардың бірі Л.В.Сотникова басқарушылық аудитті екі түрге бөлуге әрекет еткен: меншік иелері және басшылар үшін [8, 273 б.].

Біздің пікірімізше ішкі аудит объектілерінің өзара байланысты өзара тәуелді болу үшін үш түрге бөлуге болады: пәндік-технологиялық, ұйымдастыру-басқарушылық, ақпараттық.

**Кесте 2 - Ішкі аудит нысандарының жүзеге асыру түрлері**

Ішкі аудит түрлері	Жүзеге асыру нысандары	Қолданылатын түрлері	Жүзеге асыру тәсілдері	Зерттеу тереңдігі	Пәні	Нәтижесі
Бастапқы	Танысу	Бақылау, шолу, қадағалау, зерттеу	Визуалды	Үлкен жұмыс тәжірибесі қажет	Объектілермен танысу, қателерді анықтау	Қатені түзетудің мүмкін бағыттарын белгілеу
	Ішкі аудиторлық және басқару тексеру	Сараптама, Лабораториялық талдау, салыстыру, түгендеу, инспекция	Күжаттық	Түрлі салалардағы мамандар	Ауытқуларды анықтау және тіркеу	Объектінің нақты жағдайын анықтау және оны базалық көрсеткіштермен салыстыру
Кезекті	Ішкі аудит	Бағалау нәтижелерін талдау, жинақтау, себептерін анықтау Индукция, дедукция, себепсалдар байланысы, талдау, синтез, сараптама Түгендеу, тізбекті қойылымдар, топтастыру	Ауытқулар нәтижесі бойынша	Аудит саласындағы кәсіби біліктілік	Ауытқуларды жан-жақты зерттеу	Себептерді оған кінәлілерді анықтау, ықпалын бағалау, ұсыныстар өңдеу, басшылықтың әрекетін бағалау

Ескерту: кесте [5,6] әдебиет көзі негізінде автормен құрастырылған.

Пәндік технологиялық аудит негізінен бастапқы аудит деңгейінде жүзеге асырылады. Мұнда кәсіпорын активтерінің нақтылығын пайдалануға жарамдылығын тексеру қарастырылады. Арнайы әдістермен анықталған жарамдылық пайызы әрбір объектінің физика-химиялық сипатына байланысты болады. Пәндік технологиялық аудит нәтижелерін анықтау үшін объектілердің жағдайын тексеретін комиссия құрылады.

Тексеру соңында объектілерді тексеру актілері, сараптамалық қорытынды толтырылады. Пәндік технологиялық аудит нәтижелері ақпараттық аудит қорытындыларын түзетуге, сондай-ақ тексерілетін объектілердің нақты жағдайларын бағалауға, оларды пайдалану тиімділігін анықтауға, есептен шығарылатын активтердің шынайылығын анықтауға 3-кесте мүмкіндік береді.

**Кесте 3 - Ішкі аудит объектілерін жүзеге асыру тәсілдері бойынша өзара байланыс**

Ішкі аудит объектілері	Аудитті жүзеге асыру нысандары	Тексерілетін бөлімдер	Нәтижелік ақпарат	Бастапқы және жиынтық есеп құжаттары
Пәндік технологиялық	Сәйкестікті тексеру	Қоймадағы ТМҚ сақталуы, қойма шаруашылығының жағдайы, ақша қаражаттарының сақталу жағдайы	Анықталған ауытқулар бойынша жұмыс құжаттары	Технологияның сақталмауы, талаптарды бұзу жағдайын анықтау
	Субъект активтерін, пайдалануға жарамдалығын және ауытқулар бойынша тексеру	Зиян мөлшері мен оған кінәлілерді анықтау, осы фактілерді түзету, алдын алу бойынша ұсыныстарды өңдеу	Анықталған ауытқуларды жою бойынша басшылыққа ұсыныстар	Актілер, бюджеттер
Ақпараттық	Ақпараттық объектілердің сәйкестіктерін тексеру	Стандарттар жарғының есеп жүргізу саясатының, нұсқаулардың, нормалардың сақталуын құжаттар бойынша салыстыру	Ауытқуларды жұмыс құжаттарында тіркеу	Анықтамалар, салыстыру ведомостары, актілер, салыстыру нәтижелері және т.б.
	Қаржы және басқару есебі құжаттарында анықталған ауытқулар, ақпаратты бұрмалау актілері бойынша жұмыс жүргізу	Ауытқулардың мөлшерін анықтау	Зиян мөлшері мен кінәлілерді анықтау, әрбір ауытқуды реттеу, түзету бойынша ұсыныстар	Актілер, шағым-талаптар, айыппұл және т.б.
Ұйымдастырушылық-басқарушылық	Қабылданған басқарушылық шешімдерді заң талаптарына, стандарттарға сәйкестігін тексеру	Келтірілген зиян мөлшерін анықтау	Қабылданған шешімдер мен жүзеге асырылған іс-шаралардағы заң талаптарын бұрмалау фактілерін анықтау	Жоспар, смета, іс-шаралар, қабылданған шешімдер, нұсқаулар.
	Анықталған ауытқулар бойынша жұмыс жүргізу	Айыппұл салу, атқарып отырған қызметтің сәйкестігі бойынша ұсыныстар	Ауытқу салдарын жою бойынша ұсыныстар жасау. Балама нұсқауларды өңдеу	Бұйрық, өкім, нұсқаулар, (ауызша, жазбаша)

3-ші кестеден байқап отырғанымыздай, ішкі аудит объектілерінің әрқайсысы бастапқы және кезекті аудиттен тұрады. Кезекті аудит кезінде анықталған және тіркелген ауытқулар бойынша терең зерттеу жұмыстары жүргізіледі, ауытқу көлемі нақтыланады, кінәлілер мен келтірілген зиян мөлшері анықталады.

Ақпараттық аудит нормативті-анықтамалық жоспарлық және де басқа да тұрақты ақпарат, сондай-ақ қаржылық және ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есеп көрсеткіштері, техникалық және технологиялық сипаттағы барлық есептер негізінде жүзеге асырылады.

Ұйымдастыру-басқарушылық аудит қабылдаған шешімдердің тиімділігін, еңбек өнімділігін, табыс көлемі мен т.б. экономикалық көрсеткіштер арқылы айқындалатын ұйымдастырушылық деңгейдегі мәселелерді сипаттайды.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісі ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асыру, бекітілген шешімдерді орындаумен тығыз байланыста болуы керек.

Әдебиеттер:

- 1 Жұқыпбеков С. Ішкі аудит: Оқу құралы. - Алматы, 2008. - 26 б.
- 2 Иткин Ю.М. Проблемы становления аудита.; Финансы и статистика, 2002. – 192 с.
- 3 Дюсембаев К.Ш. Аудит и анализ финансовой отчетности; Учебное пособие/ К.Ш.Дюсембаев, Б.К. Егемдердиева, З.К. Дюсембаева. –Алматы: Қаржы-қаражат, 1998. – 293 с.
- 4 Бурцев В.В. Управленческий аудит системы сбыта готовой продукции. - М.: Информационно-внедренческий центр «Маркетинг», 2009. – 180 с.
- 5 Ульянов И.П., Попова Л.В. Бухгалтерский учет; Пособие для бухгалтера и менеджера. - М., Экзамен, 2002. – 224 с.
- 6 Сатубалдин с.С. Учетные системы транзитной экономики. Том 2. Избранные научные труды. - Алматы. «ОАПНАИ», 2003. – 320 с.
- 7 Николаева Б.А. Учетная политика организации: принципы формирования, содержание, практические рекомендации, аудиторская проверка. Изд. 2-е, перераб. И доп. -М.: Аналитика-Пресс, 2000. – 264 с.
- 8 Сотников Л.Н. Внутренний контроль и аудит. - М.: Гарвер, 2002. – 273 с.

## НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИОГРАФИИ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА НАЧАЛА XX ВЕКА

Сактаганова З. Г., д.и.н., профессор  
Карагандинский государственный университет им.Е.А.Букетова,  
г. Караганда, Республика Казахстан

В данной статье рассматриваются изучение проблем социально-политической и экономической истории Казахстана в историографии Казахстана начала XX века.

История Казахстана, историография Казахстана, начало XX века.

Историография истории Казахстана начала XX в. достаточна, обширна и разнообразна. Можно выделить ряд сюжетов, которые активно разрабатывались исследователями из социально-экономической и политической истории начала XX в.: проблемы аграрной истории, развитие промышленности, демографическая история, особенности политической ситуации в Казахстане и национально-освободительное движение в начале века, история культуры Казахстана.

Изучение проблем социально-политической и экономической истории Казахстана начала XX века шло достаточно системно, и в отечественной историографии можно выделить три этапа, отличавшихся друг от друга теоретико-методологическими посылами – дореволюционный, советский и постсоветский. Первый этап совпадает с хронологией исследуемой проблемы – это начало XX в. – этап дореволюционной российской и казахстанской историографии. Именно этот этап историографии в данной статье станет объектом исследования.

Весь пласт литературы по изучению истории Казахстана и историко-этнографическому исследованию казахов возможно разделить на две группы работ. Появление первой группы исследований было продиктовано государственными, российскими потребностями по хозяйственной колонизации края, для результативного осуществления переселенческой политики, активизировавшейся в период столыпинской аграрной реформы. Авторами данных публикаций, как правило, являлись чиновники или иные официальные лица. В данных работах четко отслеживается имперский характер, а отношение к коренным народам продиктовано великорусским шовинизмом,